

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 17 тамыздағы № 103 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 26 қарашадағы № 111 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2021 жылғы 17 тамыздағы № 103 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Б. Сағынтаев*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2025 жылғы 26 қарашадағы  
№ 111 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 17 тамыздағы № 103 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Көрсетілген Шешіммен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2021 жылғы 17 тамыздағы  
№ 103 шешімімен

(Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2025 жылғы 26 қарашадағы  
№ 111 шешімі  
редакциясында)  
БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ І. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай халықаралық шарттарға және актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Шарт);

Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестердің сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмату қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжат алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдануды ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 6 тамыздағы № 131 шешімі.

## **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Қағидалар осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

## **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін "ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) берілген рұқсаттардың дерекқоры (дерекқор)" уәкілетті органдар берген бақылаудағы тауарларды әкелуге (әкетуге) немесе транзитіне рұқсаттар (бұдан әрі – рұқсаттар) туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурсты білдіреді.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "Жалпы процестің рәсімдер тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпарат тізілімі" (бұдан әрі – НАА тізілімі) ұғымы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімінде айқындалған мәнде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "мүше мемлекет" және "Комиссия" ұғымдары Шартта айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "уәкілетті орган", "бақылаудағы тауарлар" ұғымдары және өзге де ұғымдар Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімінде және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдануды ақпараттық қамтамасыз ету саласында жалпы процестерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 6 тамыздағы № 131 шешімінде айқындалған мәндерде қолданылады.

#### **IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер**

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.SS.07, 1.1.0 нұсқа.

##### **1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері**

7. Жалпы процестің мақсаттары:

1) бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес келмейтін жануарлардың, оның ішінде адамдар мен жануарларға ортақ жұқпалы аурулар қоздырғыштарын және жануарлардан алынатын тауарларды (өнімдерді) Одақтың кедендік аумағына әкелуге және таратуға жол бермеу жөніндегі шараларды қолдану арқылы ветеринариялық бақылау (қадағалау) жүргізудің тиімділігін арттыру;

2) ветеринариялық-санитариялық шараларды қолданудың транспаренттілігін және бақылаудағы тауарларды мүше мемлекеттердің аумағында өндіру, тасымалдау, өткізу кезінде олардың қадағалануын қамтамасыз ету болып табылады.

8. Жалпы процесс мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет :

а) уәкілетті органдар арасында дерекқордың ұлттық бөліктеріндегі берілген және күші жойылған рұқсаттар туралы мәліметтермен (бұдан әрі – рұқсаттар туралы мәліметтер) жедел ақпарат алмасуды қамтамасыз ету есебінен толық және өзекті дерекқор құруды, қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;

б) уәкілетті органдардың басқа мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша дерекқордың ұлттық бөлігінен рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсынуын қамтамасыз ету;

в) уәкілетті органдардың сұрау салу бойынша Комиссияға рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынуын қамтамасыз ету;

г) қазіргі уақытта уәкілетті органдар қолданатын және рұқсаттар туралы мәліметтер алмасу үшін қажетті тізбелерді, сыныптауыштар мен анықтамалықтарды әзірлеу, үйлестіру және өзектендіру, сондай-ақ олардың электрондық нысандарын әзірлеу.

## 2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде берілген.

1-кесте

### Жалпы процеске қатысушылар тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	сұрау салуды және уәкілетті органдардан рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді алуды жүзеге асыратын Одақ органы
P.SS.07.ACT.001	уәкілетті орган	дерекқордың ұлттық бөлігін қалыптастыруды және жүргізуді; сұрау салу бойынша Комиссияға рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынуды жүзеге асыратын уәкілетті орган
P.SS.07.ACT.002	рұқсатты берген уәкілетті орган	дерекқордың ұлттық бөлігін қалыптастыруды және жүргізуді; хабардар етілетін уәкілетті органға рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсынуды; сұрау салу бойынша хабардар етілетін уәкілетті органға рұқсаттар туралы мәліметтерді ұсынуды жүзеге асыратын уәкілетті орган
P.SS.07.ACT.003	хабардар етілетін уәкілетті орган	дерекқордың ұлттық бөлігін қалыптастыруды және жүргізуді; рұқсатты берген уәкілетті органнан рұқсаттар туралы мәліметтер алуды; сұрау салуды және рұқсатты берген уәкілетті органнан

### 3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

- а) дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- б) дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері;
- в) сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну рәсімдері

11. Жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде уәкілетті органдар рұқсаттар туралы мәліметтерді қамтитын дерекқордың ұлттық бөліктерін қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етеді және рұқсаттарды беру және жою фактілері бойынша өзара ақпарат алмасуды жүзеге асырады. Уәкілетті органдар, сонымен қатар, басқа мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша рұқсаттар туралы мәліметтерді және Комиссияның сұрау салуы бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етеді.

12. Жалпы процесс құрылымының берілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжей сипаттамасын қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерінің орындалу тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде берілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері арасындағы байланыс пен оларды орындау тәртібін таныстыратын жалпы схема беріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық белгісін пайдалана отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

#### **4. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобы**

15. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау рұқсаттарды беру немесе жою фактілері бойынша жүзеге асырылады.

Рұқсаттар беру жағдайында "Берілген рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.001) рәсімі орындалады, оның орындалу барысында рұқсат берген уәкілетті орган берілген рұқсат туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді.

Рұқсаттарды жою жағдайында "Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.002) рәсімі орындалады, оның орындалу барысында рұқсатты берген уәкілетті орган жойылған шешім туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 17 тамыздағы № 103 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 17 тамыздағы № 103 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуі тиіс.

16. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде берілген.

2-кесте

### Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.07.PRC.001	берілген рұқсат туралы мәліметтер ұсыну	рәсімді орындау процесінде рұқсатты берген уәкілетті орган берілген рұқсат туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді
P.SS.07.PRC.002	жойылған рұқсат туралы мәліметтер ұсыну	рәсімді орындау процесінде рұқсатты берген уәкілетті орган жойылған рұқсат туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді

### 5. Дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобы

18. Дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері дерекқордық ұлттық бөліктерінде қамтылған рұқсаттар туралы мәліметтерді үйлестіру мақсатында орындалады және рұқсатты берген уәкілетті орган тиісті сұрау салуды алған сәттен басталады.

Дерекқордан мәліметтерді алу рәсімдерін орындау шеңберінде сұрау салудың мынадай түрлері өңделеді:

1) дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу;

- 2) дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерге сұрау салу;
- 3) дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгерген мәліметтерге сұрау салу.

Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде сақталатын рұқсаттар туралы мәліметтерді рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде қамтылған мәліметтермен үйлестіру қажеттілігін бағалау мақсатында орындалады. Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.SS.07.PRC.003) рәсімі орындалады.

Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерге сұрау салу хабардар етілетін уәкілетті органның рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде қамтылған рұқсаттар туралы барлық мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Дерекқордың ұлттық бөлігінде қамтылған мәліметтер не толық көлемде, не белгілі бір күн мен уақыттағы жағдай бойынша сұратылады. Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерге сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер алу" (P.SS.07.PRC.004) рәсімі орындалады.

Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгерген мәліметтерге сұрау салу кезінде рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне қосылған немесе сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап осы сұрау салу орындалған сәтке дейін өзгерістер енгізілген мәліметтер ұсынылады. Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгерген мәліметтерге сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгерген мәліметтерді алу" (P.SS.07.PRC.005) рәсімі орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

19. Дерекқордан мәліметтерді алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Дерекқордан мәліметтерді алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде берілген.

3-кесте

**Дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.07.PRC.003	дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсімді орындау процесінде хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде сақталатын рұқсаттар туралы мәліметтерді рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде қамтылған мәліметтермен үйлестіру қажеттілігін бағалау жүзеге асырылады
P.SS.07.PRC.004	дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер алу	рәсімді орындау процесінде хабардар етілетін уәкілетті орган сұрау салу бойынша рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде қамтылған рұқсаттар туралы мәліметтерді алуды жүзеге асырады
		рәсімді орындау процесінде хабардар етілетін уәкілетті орган

P.SS.07.PRC.005	дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгерген мәліметтерді алу	хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде сақталатын рұқсаттар туралы мәліметтерді рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде қамтылған мәліметтермен үйлестіруді жүзеге асырады
-----------------	--	---


## 6. Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобы

21. Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну рәсімі Комиссияның жалпы процесті іске асыру (орындау) мониторингі және нәтижелерін талдау мақсатында рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді алуы қажеттілігі кезінде орындалады.

"Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.006) рәсімінің орындалуы барысында Комиссия рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді. Уәкілетті орган Комиссияға рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынады немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 17 тамыздағы № 103 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

22. Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте берілген.



4-сурет. Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде берілген.

4-кесте

**Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.07.PRC.006	сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну	рәсімді орындау процесінде сұрау салу бойынша Комиссияға рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну жүзеге асырылады

#### **V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері**

24. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 5-кестеде берілген.

5-кесте

**Ақпараттық объектілердің тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.07.BEN.001	рұқсаттар туралы мәліметтер	уәкілетті органдар арасында ақпарат алмасу барысында берілетін дерекқордың ұлттық бөлігінде қамтылған рұқсаттар туралы мәліметтер
P.SS.07.BEN.002	жинақталған мәліметтер	уәкілетті орган сұрау салу бойынша Комиссияға ұсынатын рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтер

#### **VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі**

25. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушы Комиссияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін мәліметтерді уақтылы және толық беруді қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту Шартқа,

Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

26. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде берілген.

6-кесте

### Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	елдер атауларының және оладың тиісті кодтарының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады), НАА "2021" тізіліміндегі сыныптауыштың коды
P.CLS.003	Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)	сыныптауыш	Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарлар сипаттамасы мен кодталуының үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген тауарлардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.008	байланыс құралдары (арналары) түрлерінің тізбесі	анықтамалық	байланыс құралдары (арналары) түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 192 шешіміне сәйкес

			колданылады), НАА " 1041" тізіліміндегі анықтамалық коды
P.CLS.014	құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес колданылады), НАА " 2009" тізіліміндегі сыныптауыш коды
P.CLS.015	көлік және тауарларды тасымалдау түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	көлік құралдары мен тауарларды тасымалдау түрлерінің тізбесін және олардың тиісті кодтарын қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес колданылады), НАА " 2004" тізіліміндегі сыныптауыш коды
P.CLS.018	жүк түрлерінің, қаптаманың және қаптау материалдарының сыныптауышы	сыныптауыш	жүк түрлерінің, қаптаманың және қаптау материалдарының кодтары мен атауларының тізбесін және олардың тиісті кодтарын қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес колданылады), НАА " 2013" тізіліміндегі сыныптауыш коды
P.CLS.023	өлшем бірліктерінің сыныптауышы	сыныптауыш	өлшем бірліктері кодтарының, шартты белгілерінің және атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес колданылады), НАА " 2016" тізіліміндегі сыныптауыш коды

P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 639-1 стандартына сәйкес тілдердің атаулары мен олардың кодтарының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 шешіміне сәйкес қолданылады), НАА "2055" тізіліміндегі сыныптауыш коды
P.CLS.026	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік және басқару органдарының, сондай-ақ олар уәкілетті берген ұйымдардың анықтамалығы	анықтамалық	Одақ органдары, мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік және басқару органдары, сондай-ақ олар уәкілетті берген ұйымдар атауларының тізбесін және олардың тиісті кодтарын қамтиды
P.CLS.033	ветеринариялық бақылаудағы (қадағалаудағы) тауарлар түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 13 шешіміне сәйкес қолданылады), НАА "1026" тізіліміндегі анықтамалық коды
P.CLS.048	мекенжай түрлерінің тізбесі	анықтамалық	мекенжай түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 8 шешіміне сәйкес қолданылады), НАА "1066" тізіліміндегі сыныптауыш коды
P.CLS.053	электрондық құжаттар мен мәліметтерді өңдеу нәтижелерінің анықтамалығы	анықтамалық	электрондық құжаттар мен мәліметтерді өңдеу нәтижелерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
	Еуразиялық экономикалық одақ		ұйымдастырушылық-құқықтық нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін


P.CLS.054	шеңберінде шаруашылық жүргізудің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарының сыныптауышы	сыныптауыш	қамтиды (Комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 54 шешіміне сәйкес қолданылады), НАА "2049" тізіліміндегі сыныптауыш коды
P.CLS.068	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде оларды мемлекеттік тіркеу кезінде шаруашылық жүргізуші субъектілерін сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	оларды мемлекеттік тіркеу кезінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіргіштер мен сәйкестендіру әдістері атауларының тізбесін қамтиды (Алқаның 2020 жылғы 10 наурыздағы № 34 шешіміне сәйкес қолданылады), НАА "1033" тізіліміндегі анықтамалық коды
P.SS.07.CLS.002	рұқсаттар мәртебелерінің анықтамалығы	анықтамалық	рұқсаттар мәртебелерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.SS.07.CLS.006	рұқсаттар түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	рұқсаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.SS.CLS.001	ветеринариялық сертификат түрлерінің (нысандарының) анықтамалығы	анықтамалық	ветеринариялық сертификаттар түрлерінің (нысандарының) кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.SS.CLS.003	жеткізу тізбегіне қатысушылар түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	жеткізу тізбегіне қатысушылар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбегін қамтиды
P.SS.CLS.004	шикізаттың (жем-шөптің) шыққан жері түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	шикізаттың (жем-шөптің) шыққан жері түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.SS.CLS.005	бақылаудағы тауарлардың қозғалысын тоқтата тұру себептері анықтамалығы	анықтамалық	бақылаудағы тауарлардың қозғалысын тоқтата тұру себептерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.SS.CLS.007		анықтамалық	маршрут пункттері типтерінің кодтары мен

## VIII. Жалпы процесс рәсімдері

### 1. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері

#### "Берілген рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.001) рәсімі

27. "Берілген рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Берілген рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы

28. "Берілген рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттер арасында өткізу кезінде бақылаудағы тауарды алып жүру үшін рұқсат беру фактісі бойынша орындалады.

29. Алдымен "Берілген рұқсат туралы мәліметтер жіберу" (P.SS.07.OPR.001) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша рұқсатты берген уәкілетті орган берілген рұқсат туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді.

30. Хабардар етілетін уәкілетті орган берілген рұқсат туралы мәліметтерді алған кезде "Берілген рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.002) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша көрсетілген

мәліметтерді қабылдау және өңдеу, сондай-ақ алынған мәліметтерді хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне енгізу жүзеге асырылады. Рұқсатты берген уәкілетті органға берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жіберіледі.

31. Рұқсатты берген уәкілетті орган берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алған кезде "Берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу" (P.SS.07.OPR.003) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

32. "Берілген рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.001) рәсімінің орындалуы нәтижесі хабардар етілетін уәкілетті органға берілген рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну және алынған мәліметтерді хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне енгізу болып табылады.

33. "Берілген рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде берілген.

7-кесте

**"Берілген рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.07.OPR.001	берілген рұқсат туралы мәліметтерді жіберу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.SS.07.OPR.002	берілген рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.SS.07.OPR.003	берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

8-кесте

**"Берілген рұқсат туралы мәліметтерді жіберу" (P.SS.07.OPR.001) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.001
2	Операцияның атауы	берілген рұқсат туралы мәліметтерді жіберу
3	Орындаушы	рұқсатты берген уәкілетті орган

4	Орындау шарттары	мүше мемлекеттер арасында өткізу кезінде бақылаудағы тауарды алып жүру үшін рұқсат беру фактісі бойынша орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамаларына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес берілген рұқсат туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелері	берілген рұқсат туралы мәліметтер хабардар етілетін уәкілетті органға жіберілді

9-кесте

**"Берілген рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.002) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.002
2	Операцияның атауы	берілген рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	хабардар етілетін уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы берілген рұқсат туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Берілген рұқсат туралы мәліметтерді жіберу" (P.SS.07.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Хабарлама мен электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемесін

		толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес берілген рұқсат туралы мәліметтерді қабылдауды және тексеруді жүзеге асырады. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы алынған мәліметтерді дерекқордың ұлттық бөлігіне енгізуді жүзеге асырады, дерекқордың ұлттық бөлігінде алынған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақытын толтырады және рұқсатты берген уәкілетті органға Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді қосуға сәйкес келетін өңдеу нәтижесі кодының мәні бар берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны жібереді
7	Нәтижелері	берілген рұқсат туралы мәліметтер өңделді және хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне енгізілді, берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама рұқсатты берген уәкілетті органға жіберілді

10-кесте


**"Берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу" (P.SS.07.OPR.003) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.003
2	Операцияның атауы	берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	рұқсатты берген уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Берілген рұқсат

		туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	берілген рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама өңделді

### "Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.002) рәсімі

34. "Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.002) рәсімінің орындалуы схемасы 6-суретте берілген.



6-сурет. "Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.002) рәсімінің орындалуы схемасы

35. "Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттер арасында өткізу кезінде бақылаудағы тауарды алып жүру үшін бұрын берілген рұқсатты жою фактісі бойынша орындалады.

36. Алдымен "Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді жіберу" (P.SS.07.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша рұқсатты берген уәкілетті орган жойылған рұқсат туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді.

37. Хабардар етілетін уәкілетті орган жойылған рұқсат туралы мәліметтерді алған кезде "Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу, сондай-ақ хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде тиісті мәліметтерді өзгерту жүзеге асырылады. Рұқсатты берген уәкілетті органға жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама жіберіледі.

38. Рұқсатты берген уәкілетті орган жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алған кезде "Жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу" (P.SS.07.OPR.006) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

39. "Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.002) рәсімінің орындалуы нәтижесі хабардар етілетін уәкілетті органға жойылған рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну және хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде тиісті мәліметтерді өзгерту болып табылады.

40. "Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 11-кестеде берілген.

11-кесте

**"Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.07.OPR.004	жойылған рұқсат туралы мәліметтерді жіберу	осы Қағидалардың 12-кестесінде берілген
P.SS.07.OPR.005	жойылған рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде берілген
P.SS.07.OPR.006	жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 14-кестесінде берілген

12-кесте

**"Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді жіберу" (P.SS.07.OPR.004) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.004
2	Операцияның атауы	жойылған рұқсат туралы мәліметтерді жіберу
3	Орындаушы	рұқсатты берген уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	мүше мемлекеттер арасында өткізу кезінде бақылаудағы тауарды алып жүру үшін бұрын берілген рұқсатты жою фактісі бойынша орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операциясының сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жойылған рұқсат туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелері	жойылған рұқсат туралы мәліметтер хабардар етілетін уәкілетті органға жіберілді

13-кесте

**"Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.005) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.005
2	Операцияның атауы	жойылған рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	хабардар етілетін уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы жойылған рұқсат туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді жіберу" (P.SS.07.OPR.004) операциясы)

5	Шектеулер	<p>ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Хабарлама мен электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемесін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс</p>
6	Операцияның сипаттамасы	<p>орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жойылған рұқсат туралы мәліметтерді қабылдауды және тексеруді жүзеге асырады. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы өзгертілетін мәліметтердің қолданылуы аяқталатын күні мен уақытын алынған мәліметтердің қолданылуы басталатын күні мен уақытының мәнімен толтырады, алынған мәліметтерді дерекқордың ұлттық бөлігіне енгізуді жүзеге асырады, дерекқордың ұлттық бөлігінде алынған мәліметтердің жаңартылған күні мен уақытын толтырады және Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес рұқсатты берген уәкілетті органға мәліметтерді өзгертуге сәйкес келетін өңдеу нәтижесі кодының мәні бар жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны жібереді</p>
7	Нәтижелері	<p>жойылған рұқсат туралы мәліметтер өңделді, хабардар етілетін уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінің мәліметтері өзгертілді, жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама рұқсатты берген уәкілетті органға жіберілді</p>


**"Жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу" (P.SS.07.OPR.006) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.006
2	Операцияның атауы	жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	рұқсатты берген уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Жойылған рұқсат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	жойылған рұқсат туралы мәліметтердің өңделгені туралы хабарлама өңделді

**2. Дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері**

**"Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.SS.07.PRC.003) рәсімі**

41. "Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.SS.07.PRC.003) рәсімінің орындалуы схемасы 7-суретте берілген.



7-сурет. "Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.SS.07.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы

42. "Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.SS.07.PRC.003) рәсімі хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде сақталатын рұқсаттар туралы мәліметтердің жағдайы (соңғы жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты рұқсатты берген уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінің тиісті ақпаратымен үйлестіру қажеттілігі кезінде орындалады.

43. Алдымен "Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.SS.07.OPR.007) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және рұқсатты берген уәкілетті органға жібереді.

44. Рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды алған кезде "Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.SS.07.OPR.008) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат қалыптастырылады және хабардар етілетін уәкілетті органға ұсынылады.

45. Хабардар етілетін уәкілетті орган рұқсатты берген уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алған кезде "Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.009) операциясы орындалады.

46. "Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.SS.07.PRC.003) рәсімінің орындалуы нәтижесі хабардар етілетін уәкілетті органның рұқсатты берген уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінің жағдайы (соңғы жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты алуы болып табылады.

47. "Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.SS.07.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 15-кестеде берілген.

15-кесте

**"Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.SS.07.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.07.OPR.007	дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу	осы Қағидалардың 16-кестесінде берілген
P.SS.07.OPR.008	дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 17-кестесінде берілген
P.SS.07.OPR.009	дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 18-кестесінде берілген

16-кесте

**"Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.SS.07.OPR.007) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.007
2	Операцияның атауы	дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу
3	Орындаушы	хабардар етілетін уәкілетті орган
		хабардар етілетін уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінде сақталатын рұқсаттар

4	Орындау шарттары	туралы мәліметтердің жағдайы (соңғы жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты рұқсатты берген уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінің тиісті ақпаратымен үндестіру қажеттілігі кезінде
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және рұқсатты берген уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелері	дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу рұқсатты берген уәкілетті органға жіберілді

17-кесте

**"Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.SS.07.OPR.008) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.008
2	Операцияның атауы	дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	рұқсатты берген уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды алған кезде орындалады ("Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.SS.07.OPR.007) операциясы)

5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы алынған сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес рұқсатты берген уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қалыптастырады және жібереді
7	Нәтижелері	рұқсатты берген уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат хабардар етілетін уәкілетті органға жіберілді

18-кесте


**"Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.009) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.009
2	Операцияның атауы	дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	хабардар етілетін уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы рұқсатты берген уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алған кезде орындалады ("Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.SS.07.OPR.008) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен

		мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы рұқсатты берген уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы алынған ақпаратты қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	хабардар етілетін уәкілетті орган рұқсатты берген уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алды

### "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер алу" (P.SS.07.PRC.004) рәсімі

48. "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер алу" (P.SS.07.PRC.004) рәсімінің орындалу схемасы 8-суретте берілген.



8-сурет. "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер алу" (P.SS.07.PRC.004) рәсімінің орындалу схемасы

49. "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер алу" (P.SS.07.PRC.004) рәсімі хабардар етілетін уәкілетті орган рұқсатты берген уәкілетті органның дерекқоры ұлттық бөлігінде сақталатын рұқсаттар туралы мәліметтерді алуы мақсатында орындалады.

50. Алдымен "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.OPR.010) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер ұсынуға сұрау салу қалыптастырылады және рұқсатты берген уәкілетті органға жіберіледі.

Берілген параметрлерге қарай сұрау салудың екі түрі қалыптастырылуы ықтимал:

1) дерекқордың ұлттық бөлігінде қамтылған мәліметтерді толық көлемде ұсынуға сұрау салу;

2) дерекқордың ұлттық бөлігінде қамтылған мәліметтерді белгілі бір күн мен уақыттағы жағдай бойынша ұсынуға сұрау салу.

51. Рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер ұсынуға сұрау салуды алған кезде "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.SS.07.OPR.011) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша сұратылған мәліметтер қалыптастырылады және хабардар етілетін уәкілетті органға ұсынылады немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама жіберіледі.

52. Хабардар етілетін уәкілетті орган рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама алған кезде "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.012) операциясы орындалады.

53. "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер алу" (P.SS.07.PRC.004) рәсімінің орындалуы нәтижесі хабардар етілетін уәкілетті органның рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама алуы болып табылады.

54. "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер алу" (P.SS.07.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 19-кестеде берілген.

19-кесте

**"Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер алу" (P.SS.07.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.07.OPR.010	дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 20-кестесінде берілген
P.SS.07.OPR.011	дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 21-кестесінде берілген
P.SS.07.OPR.012	дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 22-кестесінде берілген

20-кесте

## "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.OPR.010)

### операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.010
2	Операцияның атауы	дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	хабардар етілетін уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен мәліметтер алу қажеттілігі кезінде орындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және рұқсатты берген уәкілетті органға жібереді. Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді толық көлемде алу қажеттілігі кезінде сұрау салуда күні мен уақыты көрсетілмейді. Мәліметтерді белгілі бір күн мен уақыты жағдайы бойынша алу қажеттілігі туындаған кезде сұрау салуда дерекқордың ұлттық бөлігінің өзекті етілген күні мен уақыты көрсетілуі тиіс
7	Нәтижелері	дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер ұсынуға сұрау салу рұқсатты берген уәкілетті органға жіберілді

21-кесте

## "Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.SS.07.OPR.011)

### операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.011

2	Операцияның атауы	дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	рұқсатты берген уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алған кезде орындалады ("Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.OPR.010) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, сұрау салуда көрсетілген параметрлерге сәйкес рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға ұсынады. Дерекқордың ұлттық бөлігінен толық ақпаратқа сұрау салу кезінде дерекқордың ұлттық базасында сақталатын барлық жазбаларды ұсыну жүзеге асырылады. Белгілі бір күн мен уақыттағы жағдай бойынша мәліметтерге сұрау салу кезінде дерекқордың ұлттық бөлігінде қамтылған мәліметтерді сұрау салуда көрсетілген күн мен уақыттағы жағдай бойынша іріктеу жүзеге асырылады. Дерекқордың ұлттық бөлігінде сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтер болмаған кезде хабардар етілетін уәкілетті органға сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама жіберіледі
7	Нәтижелері	хабардар етілетін уәкілетті органға рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен мәліметтер жіберілді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын

мәліметтердің жоқ екенін туралы хабарлама жіберілді


22-кесте

**"Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.012) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.012
2	Операцияның атауы	дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	хабардар етілетін уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.SS.07.OPR.011) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама алады және оларды өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	дерекқордың ұлттық бөлігінен мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама өңделді

**"Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.SS.07.PRC.005) рәсімі**

55. "Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.SS.07.PRC.005) рәсімінің орындалу схемасы 9-суретте берілген.



9-сурет. "Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.SS.07.PRC.005) рәсімінің орындалу схемасы

56. "Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.SS.07.PRC.005) рәсімі хабардар етілетін уәкілетті органның рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен оларды қосу немесе оларға өзгерістер енгізу сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап осы сұрау салу орындалған сәтке дейін жүргізілген мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Рәсім оның ішінде, егер "Дерекқордың ұлттық бөлігінің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.SS.07.PRC.003) рәсімінің орындалуы нәтижесінде хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігі мәліметтерінің жаңартылу күні мен уақыты рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінің жаңартылу күні мен уақытынан ерте екені анықталған жағдайда орындалады.

57. Алдымен "Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.OPR.013) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқордың ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және рұқсатты берген уәкілетті органға жібереді.

58. Рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқордың ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алған кезде "Дерекқордың ұлттық

бөлігінен өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.SS.07.OPR.014) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне сұрау салуда көрсетілген күн мен уақыттан бастап енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер қалыптастырылады және хабардар етілетін уәкілетті органға ұсынылады немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама жіберіледі.

59. Хабардар етілетін уәкілетті орган рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама алған кезде "Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.015) операциясы орындалады.

60. "Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.SS.07.PRC.005) рәсімінің орындалу нәтижесі хабардар етілетін уәкілетті органның рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны алуы және дерекқордың ұлттық бөлігінде қамтылған мәліметтермен үйлестіру болып табылады.

61. "Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.SS.07.PRC.005) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 23-кестеде берілген.

23-кесте

**"Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.SS.07.PRC.005) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.07.OPR.013	дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 24-кестесінде берілген
P.SS.07.OPR.014	дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 25-кестесінде берілген
P.SS.07.OPR.015	дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 26-кестесінде берілген

24-кесте

**"Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.OPR.013) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.013
2	Операцияның атауы	дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	хабардар етілетін уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен белгілі бір кезеңде өзгертілген мәліметтерді алу қажеттілігі кезінде орындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес дерекқордың ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және рұқсатты берген уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелері	дерекқордың ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салу рұқсатты берген уәкілетті органға жіберілді

25-кесте

**"Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.SS.07.OPR.014) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.014
2	Операцияның атауы	дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	рұқсатты берген уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы дерекқордың ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алған кезде орындалады ("Дерекқордың ұлттық бөлігінен

		өзгертілген мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.OPR.013) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға ұсынады
7	Нәтижелері	хабардар етілетін уәкілетті органға рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама жіберілді

26-кесте


**"Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.015) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.015
2	Операцияның атауы	дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	хабардар етілетін уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны

		алған кезде орындалады ("Дерекқордың ұлттық бөлігінен өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.SS.07.OPR.014) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	<p>орындаушы рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны алады және оларды өңдеуді жүзеге асырады.</p> <p>Рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігіне енгізілген өзгертілген мәліметтерді алған кезде өңдеу мынадай қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады:</p> <p>рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен алынған өзгертілген мәліметтердің құрамында болатын және хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде жоқ мәліметтер хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігі мәліметтерді енгізіледі;</p> <p>рұқсатты берген уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінен алынған өзгертілген мәліметтердің құрамында болатын және хабардар етілетін уәкілетті орган дерекқорының ұлттық бөлігінде болатын мәліметтер өзекті етіледі (жаңартылады)</p>
7	Нәтижелері	дерекқорлардың ұлттық бөліктерінде қамтылған мәліметтер үйлестірілді

**3. Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну рәсімдері "Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.006) рәсімі**

62. "Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.006) рәсімінің орындалу схемасы 10-суретте берілген.



10-сурет. "Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.006) рәсімінің орындалу схемасы

63. "Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.006) рәсімі Комиссия рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді алуы қажеттілігі кезінде орындалады.

64. Алдымен "Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.OPR.016) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді.

65. Уәкілетті орган рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алған кезде "Сұрау салуды өңдеу және рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.OPR.017) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша уәкілетті орган сұратылған мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама жіберіледі.

66. Комиссия рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді алған кезде "Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.018) операциясы орындалады.

67. "Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.006) рәсімінің орындалу нәтижесі Комиссияның рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны алуы болып табылады.

68. "Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.006) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 27-кестеде берілген.

27-кесте

**"Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.PRC.006) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.07.OPR.016	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 28-кестесінде берілген
P.SS.07.OPR.017	сұрау салуды өңдеу және рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 29-кестесінде берілген
P.SS.07.OPR.018	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 30-кестесінде берілген

28-кесте

**"Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.OPR.016) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.016
2	Операцияның атауы	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	Комиссияның рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді алуы қажеттілігі кезінде орындалады
5	Шектеулер	сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
		орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы

6	Операцияның сипаттамасы	ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді. Сұрау салу сұрау салуда көрсетілген бір немесе бірнеше параметрлер бойынша қалыптастырылуы мүмкін
7	Нәтижелері	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынуға сұрау салу уәкілетті органға жіберілді

29-кесте

**"Сұрау салуды өңдеу және рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07. OPR.017) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.017
2	Операцияның атауы	сұрау салуды өңдеу және рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алған кезде орындалады ("Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.OPR.016) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуды қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады, рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны қалыптастырады және Комиссияға жібереді

7	Нәтижелері	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама Комиссияға жіберілді
---	------------	--

30-кесте

**"Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.07.OPR.018) операциясының сипаттамасы**

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.OPR.018
2	Операцияның атауы	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Сұрау салуды өңдеу және рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.OPR.017) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің немесе хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Хабарлама мен электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемесін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны алады және оларды өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын

## **IX. Штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимылдар тәртібі**

69. Жалпы процесс рәсімдері орындалған кезде деректерді өңдеуді әдеттегі режимде жүргізу мүмкін болмайтын айрықша жағдайлар орын алуы ықтимал. Бұл техникалық іркілістер, құрылымдық және форматтық-логикалық бақылау қателіктері және өзге жағдайларда орын алуы мүмкін.

70. Құрылымдық және форматтық-логикалық бақылау қателіктері туындаған жағдайда уәкілетті орган Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне және Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оған қатысты қателік туралы хабарлама алынған хабардың Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Мәліметтердің көрсетілген құжаттар талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда уәкілетті орган анықталған қателікті жою үшін белгіленген тәртіпте қажетті шаралар қабылдайды.

71. Штаттан тыс жағдайларды шешу мақсатында мүше мемлекеттер осы Қағидаларда көзделген талаптарды орындау құзыретіне жататын уәкілетті органдар туралы бір-бірін және Комиссияны хабардар етеді, сондай-ақ жалпы процесті іске асыру кезінде техникалық қолдауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынады."

2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2021 жылғы 17 тамыздағы  
№ 103 шешімімен  
(Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2025 жылғы 26 қарашадағы  
№ 111 шешімі  
редакциясында)  
БЕКІТІЛГЕН

**"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл Регламенті**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестердің сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмату қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжат алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдануды ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 6 тамыздағы № 131 шешімі.

## **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Регламент "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) транзакцияларын орындау тәртібі мен шарттарын жалпы процеске қатысушылардың біркелкі қолдануын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

3. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруға тікелей бағытталған жалпы процесс операцияларын орындау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

4. Осы Регламентті жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

## **III. Негізгі ұғымдар**

5. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторластыру" – белгілі бір жалпы процестің қатысушысына белгілі бір іс-қимылдарды орындау құқықтарын беру;

"электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемесі" – электрондық құжаттың (мәліметтердің) белгілі бір контексте ажырамас бөлігі болып саналатын деректерінің бірлігі;

"жалпы процесс ақпараттық объектісінің жай-күйі" – ақпараттық объектісінің жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгеретін өмірлік циклының белгілі бір сатысын сипаттайтын қасиет.

Осы Регламентте пайдаланылатын "бастамашы", "бастамашылық операция", "қабылдаушы операция", "респондент", "жалпы процесс хабары" және "жалпы процесс транзакциясы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы

9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

Осы Регламентте пайдаланылатын өзге ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 17 тамыздағы № 103 шешімімен бекітілген " Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мағыналарда қолданылады.

#### **IV. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы негізгі мәліметтер**

##### **1. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар**

6. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

##### **Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі**


<b>Рөлдің атауы</b>	<b>Рөлдің сипаттамасы</b>	<b>Рөлді орындайтын қатысушы</b>
1	2	3
Мәліметтерді иеленуші	дерекқордың ұлттық бөлігін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады; сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсынады	уәкілетті орган (P.SS.07.ACT.001)
Үйлестіруші	сұрау салуды және рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді алуды жүзеге асырады	Комиссия (P.ACT.001)

##### **2. Ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы**

7. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл Одаққа мүше мемлекеттердің ветеринария саласындағы мемлекеттік органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар) мен Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) арасында жалпы процесс рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады:

сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну.

Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл құрылымы 1-суретте берілген.



1-сурет. Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл құрылымы

8. Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс шеңберінде іске асырылады. Жалпы процестің құрылымы Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында айқындалған.

9. Ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс транзакцияларын орындау тәртібін айқындайды, олардың әрқайсысы жалпы процеске қатысушылар арасындағы жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйлерін үйлестіру мақсатында хабар алмасуды білдіреді. Әрбір ақпараттық өзара іс-қимыл үшін операциялармен және осындай операцияларға сәйкес келетін жалпы процесс транзакцияларымен арасындағы өзара байланыстар айқындалған.


10. Жалпы процесс транзакциясын орындаған кезде бастамашы өзі жүзеге асыратын операция (бастамашылық операция) шеңберінде респондентке сұрау салу хабарын жібереді, оған жауап ретінде респондент өзі жүзеге асыратын операция (қабылдаушы операция) шеңберінде жалпы процесс транзакциясының шаблонуна қарай жауап хабар жіберуі немесе жібермеуі мүмкін. Хабардың құрамындағы деректердің құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 17 тамыздағы № 103 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктерді әкелуге (әкетуге, транзитіне) рұқсаттардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде пайдаланылатын Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуі тиіс.

11. Жалпы процесс транзакциялары осы Регламентте айқындалғандай жалпы процесс транзакцияларының берілген параметрлеріне сәйкес орындалады.

## V. Рәсімдер топтары шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

**1. Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл**

12. Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну кезінде жалпы процесс транзакцияларының орындалу схемасы 2-суретте берілген. Жалпы процестің әрбір рәсімі үшін 2-кестеде жалпы процестің ақпараттық объектілерінің операциялары, аралық және нәтижелеуші жай-күйі мен жалпы процесс транзакциялары арасындағы байланыс келтірілген.



2-сурет. Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну кезінде жалпы процесс транзакцияларының орындалу схемасы

2-кесте

**Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының тізбесі**

№ р/с	Бастамашы орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің аралық жай-күйі	Респондент орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің нәтижелеуші жай-күйі	Жалпы процесс транзакциясы
1	2	3	4	5	6
1	Сұрау салу бойынша рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну (P.SS.07.PRC.006)				
	Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу (P.SS.07.OPR.016).		сұрау салуды өңдеу және рұқсаттар	жинақталған мәліметтер (P.SS.07.BEN.002): мәліметтер жоқ.	рұқсаттар туралы

1.1	Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.SS.07. OPR.018)	жинақталған мәліметтер (P.SS .07.BEN.002): мәліметтер сұратылды	туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну (P.SS.07. OPR.017)	Жинақталған мәліметтер (P.SS .07.BEN.002): мәліметтер жіберілді	жинақталған мәліметтерді ұсыну (P.SS.07. TRN.001)
-----	--	---	--	---	---

## VI. Жалпы процесс хабарларының сипаттамасы

13. Жалпы процесті іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде берілетін жалпы процесс хабарларының тізбесі 3-кестеде берілген. Хабарлама құрамындағы деректердің құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасындағы тиісті құрылымға сілтеме 3-кестенің 3-графасының мәні бойынша белгіленеді.

3-кесте


### Жалпы процесс хабарларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Электрондық құжаттың (мәліметтердің) құрылымы
1	2	3
P.SS.07.MSG.001	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу	ветеринариялық құжаттар туралы жинақталған мәліметтер (R.SM.SS .03.003)
P.SS.07.MSG.002	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтер	ветеринариялық құжаттар туралы жинақталған мәліметтер (R.SM.SS .03.003)
P.SS.07.MSG.003	мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама	өңдеу нәтижесі туралы хабарлама (R.006)

## VII. Жалпы процесс транзакцияларының сипаттамасы

### 1. "Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.TRN.001) жалпы процесі транзакциясы

14. "Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.TRN.001) жалпы процесі транзакциясы бастамашы респонденттен рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді алуы үшін орындалады. Көрсетілген жалпы процесс транзакциясының орындалу схемасы 3-суретте берілген. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 4-кестеде берілген.



3-сурет. "Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.TRN.001) жалпы процесі транзакциясының орындалу схемасы  
4-кесте

**"Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну" (P.SS.07.TRN.001) жалпы процесі транзакциясының сипаттамасы**

№ р/с	Міндетті элемент	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.SS.07.TRN.001
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблону	сұрау салу/жауап
4	Бастамашылық рөл	бастамашы
5	Бастамашылық операция	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу
6	Ден қоюшы рөл	респондент
7	Қабылдаушы операция	сұрау салуды өңдеу және рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерді ұсыну
8	Жалпы процесс транзакциясының орындалу нәтижесі	жинақталған мәліметтер (P.SS.07.BEN.002): мәліметтер жоқ жинақталған мәліметтер (P.SS.07.BEN.002): мәліметтер жіберілді
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері:	
	алынғанын растау уақыты	—

	өңдеуге қабылданғанын растау уақыты	15 минут
	жауап күту уақыты	4 сағат
	авторландыру белгісі	иә
	қайталаулар саны	3
10	Жалпы процесс транзакциясының хабары:	
	бастамашылық хабар	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу (P.SS.07.MSG.001)
	жауап хабар	рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтер (P.SS.07.MSG.002) мәліметтердің жоқ екені туралы хабарлама (P.SS.07.MSG.003)
11	Жалпы процесс транзакциясы хабарларының параметрлері:	
	ЭЦҚ белгісі	жоқ
	электрондық құжатты дұрыс емес ЭЦҚ-мен беру	—

### **VIII. Штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимылдар тәртібі**

15. Жалпы процесс шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде деректерді өңдеуді әдеттегі режимде жүргізу мүмкін болмайтын штаттан тыс жағдайлар орын алуы ықтимал. Штаттан тыс жағдайлар техникалық іркілістер, күту уақыты өткен кезде және өзге жағдайларда туындайды. Жалпы процеске қатысушының штаттан тыс жағдайдың туындау себептері туралы түсініктемелер және оны шешу жөнінде ұсынымдар алуы үшін Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін қолдау қызметіне тиісті сұрау салуды жіберу мүмкіндігі көзделген. Штаттан тыс жағдайды шешу жөніндегі жалпы ұсынымдар 5-кестеде келтірілген.

16. Уәкілетті орган оған байланысты қате туралы хабарлама алынған хабардың Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және осы Регламенттің IX бөлімінде көрсетілген хабарларды бақылауға қойылатын талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді. Егер көрсетілген талаптарға сәйкессіздік анықталған жағдайда уәкілетті орган анықталған қатені жою үшін барлық қажетті шараны қабылдайды. Егер сәйкессіздік анықталмаған жағдайда уәкілетті орган Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін қолдау қызметіне осы штаттан тыс жағдайды сипаттай отырып, хабар жібереді. Егер сәйкессіздік анықталмаған жағдайда уәкілетті орган Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін қолдау қызметіне осы штаттан тыс жағдайды сипаттай отырып, хабар жібереді.

5-кесте

### **Штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимыл**

Штаттан тыс жағдайдың коды	Штаттан тыс жағдайдың сипаттамасы	Штаттан тыс жағдайдың себептері	Штаттан тыс жағдай туындаған кездегі іс-қимылдың сипаттамасы
1	2	3	4
P.EXC.002	жалпы процестің екі жақты транзакциясының бастамашысы қайталаулардың келісілген саны өткеннен кейін жауап хабар алмады	көлік жүйесіндегі техникалық іркіліс немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің жүйелік қатесі	хабар қалыптастырылған ұлттық сегменттің техникалық қолдау қызметіне сұрау салу жіберу қажет
P.EXC.004	жалпы процесс транзакциясының бастамашысы қате туралы хабарлама алды	анықтамалықтар мен сыныптауыштар үйлестірілмеген немесе электрондық құжаттардың мәліметтерінің XML-схемасы жаңартылмаған	жалпы процесс транзакциясының бастамашысы пайдаланылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштарды үйлестіруі немесе электрондық құжаттардың (мәліметтерінің) XML-схемаларын жаңартуы қажет. Егер (анықтамалықтар мен сыныптауыштар үйлестірілген, электрондық құжаттардың (мәліметтерінің) XML-схемалары жаңартылған болса, қабылдаушы қатысушының қолдау қызметіне сұрау салу жіберу керек

## IX. Электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптар

17. "Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.MSG.001) хабарында берілетін "Ветеринариялық құжаттар туралы жинақталған мәліметтер" (R.SM.SS.03.003) электрондық құжаттары (мәліметтері) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

**"Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтерге сұрау салу" (P.SS.07.MSG.001) хабарында берілетін "Ветеринариялық құжаттар туралы жинақталған мәліметтер" (R.SM.SS.03.003) электрондық құжаттары (мәліметтері) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар**

Талаптың коды	Талаптың тұжырымдалуы
1	R.SM.SS.03.003 құрылымы түбірінде орналасқан "Елдің коды" (csdo:UnifiedCountryCode) деректемесі толтырылмайды
2	"Кезең" (ccdo:PeriodDetails) күрделі деректемесі құрамындағы "Бастапқы күні мен уақыты" (csdo:StartDateTime) деректемесі толтырылуы тиіс
3	егер "Құжат түрінің коды" (csdo:DocKindCode) деректемесі толтырылған болса, онда оның мәні мына мәндердің біріне сәйкес келуі тиіс: "01202" – бақылаудағы тауарларды әкелуге рұқсат; "01203" – бақылаудағы тауарларды әкетуге рұқсат; "01204" – бақылаудағы тауарлар транзитіне рұқсат, ал оның "Анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші" (codeListId атрибуты) атрибутының мәні "P.SS.07.CLS.006" мәніне сәйкес келуі тиіс
4	"Ветеринариялық сертификат түрінің (нысанының) коды" (smsdo:VeterinaryCertificateKindCode), "Тауар саны" (csdo:UnifiedCommodityMeasure), "Бақылаудағы тауарлар қозғалысын тоқтата тұру себептерінің коды" (smsdo:ConsignmentDetentionReasonCode) және "Элементтер саны" (smsdo:ItemQuantity) деректемелері толтырылмайды
5	егер "Құжат мәртебесінің коды" (csdo:DocStatusCode) деректемесі толтырылған болса, онда оның мәні мына мәндердің біріне сәйкес келуі тиіс: "01" – ресімделді; "02" – жойылды
6	егер "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын өнім" (smcdo:VeterinaryProductDetails) күрделі деректемесі құрамындағы "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын өнімнің коды" (smsdo:VeterinaryProductCode) деректемесі толтырылған болса, онда оның мәні ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлар түрлерінің анықтамалығынан ветеринариялық бақылауға жататын өнім түрінің кодына сәйкес келуі тиіс, ал "Анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші" (codeListId атрибуты) атрибутының мәні НАА тізілімінде көрсетілген анықтамалық кодының мәніне сәйкес келуі тиіс
7	егер "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын өнім" (smcdo:VeterinaryProductDetails) күрделі деректемесі құрамындағы "ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды" (csdo:CommodityCode) деректемесі толтырылған болса, онда оның мәні Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар

	номенклатурасынан (ЕАЭО СЭҚ ТН) ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар түрінің кодына сәйкес келуі тиіс
8	"Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын өнім" (smcdo:VeterinaryProductDetails) күрделі деректемесі құрамындағы "Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын өнімнің атауы" (smsdo:VeterinaryProductName) және "Өнімнің атауы" (csdo:ProductName) деректемелері толтырылмайды
9	егер "Жеткізу тізбегінің қатысушысы" (ccdo:SupplyChainPartyDetails) деректемесі толтырылған болса, онда оның құрамында "Жеткізу тізбегінің қатысушысы түрінің коды" (csdo:SupplyChainPartyKindCode) деректемесінің мәні мына мәндердің біріне сәйкес келуі тиіс: "21" – жүкті жөнелтуші (жөнелтуші); "22" – жүкті жөнелтуші (экспедитор); "30" – жүкті алушы; "41" – өнімді дайындаушы; "42" – жануардың иесі. Хабарда оның құрамындағы "Жеткізу тізбегінің қатысушысы түрінің коды" (csdo:SupplyChainPartyKindCode) деректемесінің мәніне өзара сәйкес келмейтін "Жеткізу тізбегінің қатысушысы" (ccdo:SupplyChainPartyDetails) деректемесінің бірнеше данасы берілуі мүмкін
10	"Жеткізу тізбегінің қатысушысы" (ccdo:SupplyChainPartyDetails) деректемесінде тек мынадай деректемелер толтырылуы мүмкін: "Елдің коды" (csdo:UnifiedCountryCode) және "Шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы" (csdo:BusinessEntityName)
11	егер "Елдің коды" (csdo:UnifiedCountryCode) деректемесі толтырылған болса, онда оның мәні әлем елдері сыныптауышынан елдің кодына сәйкес келуі тиіс, ал оның құрамындағы "Анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші" (codeListId атрибуты) атрибутының мәні НАА тізілімінде көрсетілген сыныптауыш кодының мәніне сәйкес келуі тиіс
12	егер "Мүше мемлекеттің уәкілетті органы" (ccdo:UnifiedAuthorityDetails) күрделі деректемесінің құрамындағы "Уәкілетті органның сәйкестендіргіші" (csdo:AuthorityId) толтырылған болса, онда оның мәні НАА тізіліміне енгізілген Еуразиялық экономикалық одақ органдарының, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік және басқару органдарының, сондай-ақ олар уәкілеттік берген ұйымдардың анықтамалығынан мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының не оның уәкілеттік берген ұйымының кодына сәйкес келуі тиіс

13	егер "Соңғы күні мен уақыты" (csdo:EndDateTime) деректемесі толтырылған болса, онда "Бастапқы күні мен уақыты" (csdo:StartDateTime) және "Соңғы күні мен уақыты" (csdo:EndDateTime) деректемелерінен қалыптасқан кезең 1 жылдан аспауы тиіс
14	егер "Соңғы күні мен уақыты" (csdo:EndDateTime) деректемесі толтырылмаған болса, "Бастапқы күні мен уақыты" (csdo:StartDateTime) деректемесі ағымдағы күннен 1 жылдан артық артта қалмауы тиіс

18. "Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтер" (P.SS.07.MSG.002) хабарында берілетін "Ветеринариялық құжаттар туралы жинақталған мәліметтер" (R.SM.SS.03.003) электрондық құжаттарының (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар 7-кестеде берілген.

7-кесте

**"Рұқсаттар туралы жинақталған мәліметтер" (P.SS.07.MSG.002) хабарында берілетін "Ветеринариялық құжаттар туралы жинақталған мәліметтер" (R.SM.SS.03.003) электрондық құжаттарының (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар**

Талаптың коды	Талаптың тұжырымдалуы
1	R.SM.SS.03.003 құрылымы түбірінде орналасқан "Елдің коды" (csdo:UnifiedCountryCode) деректемесі толтырылуы тиіс
2	"Кезең" (csdo:PeriodDetails) күрделі деректемесі құрамындағы "Бастапқы күні мен уақыты" (csdo:StartDateTime) деректемесі толтырылуы тиіс
3	егер "Құжат түрінің коды" (csdo:DocKindCode) деректемесі толтырылған болса, онда оның мәні мына мәндердің біріне сәйкес келуі тиіс: "01202" – бақылаудағы тауарларды әкелуге рұқсат; "01203" – бақылаудағы тауарларды әкетуге рұқсат; "01204" – бақылаудағы тауарлар транзитіне рұқсат, ал "Анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші" (codeListId атрибуты) атрибутының мәні "P.SS.07.CLS.006" мәніне сәйкес келуі тиіс
